

"Шымкент қаласы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламентін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 818 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 1 тамыздағы № 1418 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 тамызда № 28975 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 2 мамырдағы № 1994 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Шымкент қаласы әкімдігінің 02.05.2024 № 1994 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шымкент қаласы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламентін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 818 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 152 болып тіркелген) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесінің орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шымкент қаласы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасымен бекітілген Шымкент қаласы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламентінің 1, 19 және 29 - тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шымкент қаласы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламенті (бұдан әрі – Регламент) Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік

құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және Шымкент қаласы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау тәртібін регламенттейді.";

"19. Орталық мемлекеттік орган өкілдерінің қабылдауға қатысуы бойынша сұрау салу жіберілгеннен кейін арыз беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде жіберілген сұрау салу туралы және қабылдауға жазылуы туралы өтінішті қараудың ұзартылғаны туралы хабардар етіледі.";

"29. Бөлімнің жауапты қызметкері өтініш тіркелген кезден бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей арыз берушіге қабылдау уақыты мен күні немесе қабылдаудан дәлелді бас тарту көрсетілген жауапты жолдайды.".

2. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов